

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен бұрынғы одақтық республикалар мемлекеттері үкіметтері арасында салық заңдарын сақтау мәселелері бойынша ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісімдер жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 26 желтоқсан N 1859

Бұрынғы одақтық республикалар мемлекеттері салық қызметтерінің ынтымақтастығы мен өзара көмегі үшін құқықтық негіздер жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Сыртқы істер министрлігінің және Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетінің қатысуымен Қазақстан Республикасының басқа да мүдделі министрліктері мен ведомстволарын тарта отырып, КСРО-ның бұрынғы одақтық республикалары мемлекеттерінің салық қызметтерімен салық заңдарын

сақтау мәселелері бойынша ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісімдер жасасу туралы келіссөздер жүргізу және уағдаластыққа қол жеткізілгеннен кейін аталған келісімдерге Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қою тапсырылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары